

Баранды
Аманжол

“Болашақ” бөбекжайы” ЖБҚ МКҚК

Ертеңгілік

Тақырыбы: “Алғыс айту күні”



Өткізген: Кабдолова А

2026 жыл

«1 -Наурыз -Алғыс айту күні»

Мақсаты: Отанын, елін, жерін, ата -анасын, достарын сүюге, үлкенге құрмет, кішіге -ізет, мейірімді болуға, әдептілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, алғыс айтуға үйрету.

Көрніс: Реніш (қыздар шығады)

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, әріптестер, қонақтар 1 -ші Наурыз алғыс айту ризашылық күніне қош келдіңіздер!

«Болашақ» бөбекжайының директоры Жаңбыр Күнсұлу Сұлтанқызына сөз кезегіне береміз.

Жүргізуші: Бұл күні барлық адамдар бір -біріне қуаныш сыйлайды, алғыс айтады. Алғыс адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, жылы сөзі, жақсы сөз жан азығы!

Ән: Рахмет апай ағайда (хор Көгершін топтың бүлдіршіндері)

Тақпақ: Олай болса балаларымыздың алғыс айтып, тақпақтарына кезек берейік.

Ділдә: Осы үйдің апасы мен данасы

Жаңбыр Күнсұлу Сұлтанқызына мың алғыс!

Санжар: Білім менен нұрландырған

Түн ұйқысын төрт бөліп

Аналық мейірім сыйлаған

Тәрбиеші апайларға мың алғыс

Рахмет!

Жақсылық: Іш ауырса, тіс ауырса

Дәрі бізге бергізіп

Дәрігер апайларға

Мың алғыс!

Алима: Асымызды дәмді етіп

Жылы жұмсақ жасаған

Аспазшы апайларға мың алғыс!

Айназ: Ән мен би үйреткен

Өнерге бізді жетелеген

Асия Бибінұр апайларға мың алғыс!

Жүргізуші: Құлақтан кіріп бойды алар,

Әсем ән мен тәті күй

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең менше сүй.

Ән: «Қошақаным» Ділдә мен Айназ

Ойын:

Би: «Рахмет саған туған ел»

Жүргізуші: Алғыс айту адамгершіліктің белгісі

Бір -бірімізге әрдайым ризашылығымызды

білдіріп жақсылық жасайық.

Ән; « Алғыс әні» (Тәрбиешілер)

Жүргізуші: Осылайша бүгінгі мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті,

Келесі кездескенше, аман -сау болыңыздар!

